

Тараз қаласының көрікті жерлері

Тараз — Жамбыл облысының орталығы. XVIII ғасырда бұл қала Әулие-Ата деп аталған. 1936-1937 жылдар аралығында Мирзоян деп аталған. 1937-1997 жылдары Жамбыл, 1997 жылы 8 қаңтарда тарихи аты - Тараз атауы қайтарылды.






Айша бибі кесенесінің қасында Жамбыл ауданында орналасқан, XI-XII ғасырдың ең ерекше ескерткіші болып табылады. Қос қисығы бар 16 қабырғалы шатыр төбелі өзінің ерекшелігімен әйгілі. Шатырлы, қабырғалы жабуы орта ғасырлық сәулет өнері мен қазіргі заманғы кесенелердің еш бірінде жоқ. Ондағы эпиграфиялық айшық мұнда жерленген әйелдің аты-жөні бізге жеткізіп отыр. Ол аңыз бойынша Айшаның күтушісі еді. Айшаға осы бір қасіретті сапарда жолбастаушы болған болатын. Айша қайтыс болғаннан кейін сүйікті тәрбиеленушісінің моласы басында оның шамын жағып өтті. Екі кесене де тек зират ету орны емес, сонымен бірге мұсылман әлемінің қасиетті орындары болып табылады.

Талас өзенінің жағасына, Тараз қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіне, айнала ортадағы биік төбеге салынған ежелгі қасиетті орын. Тектұрмас қасиетті сұлтан Махмуд хан жерленген жер деп саналады. Кешен негізі VIII-XI ғасырда, Ислам діні енгенге дейін қалана бастады. Ислам дәуірінде салынған кесененің өзі 1935 жылы қиратылған.

Қазіргі оның орнына ортағасырлық үлгідегі жаңа кесене салынып, қалпына келтірілді. Дәл қасында қазақстың Ұлы батыры Мәмбет батырдың моласы үстіне соғылған кесене бар. Кесене орналасқан төбеден төменде жатқан Тараз қаласының бар көрнісі жақсы көрінеді. Іргеде ағып жатқан, көне қалаға аты берілген Талас өзені адам әсерін күшейте түседі. Осы жерде X-XIII ғасырларда керуеннің өтуін жүзеге асыратын тас көпір болған. Сәулеттік кешен, сондай-ақ зиярат ету орны болап та табылады.





Қазіргі кезде ҚР Ұлттық ғылым академиясы жанындағы археология және этнография институтының басқаруымен кешен аумағында қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы кезде республикалық "Мәдени мұра" бағдарламасы аясында мұражай кешенін құру жоспарлануда. Археологиялық зерттеудің сояғы нәтижелерінің деректері бойынша Ақыртасты Ұлы Жібек жолындағы орта ғасырлық қала Кафибаспен байланыстыруға болады. Көптеген ғалымдардың пайымдаулары бойынша Ақыртас араб қолбасшысы Күтейбтің бұйрығы бойынша соғылған. Туристердің түйсігін құрылыстың алыптығы, кеңдігі, құрылысқа тастарды пайдалану шеберлігі таң қалдырады. Сарай кешенінің іргетасы 4 метр тереңдікте қаланған. Аңыздың кейбір түрлері құрылыстың мақсатын түсіндіріп, оның аяқталмай қалу себептерін айтады. Оның көлемінің алыптығына байланысты оны ежелгі египеттік пирамидалармен Салыстырады. Ақыртас құрылысының толық аяқталмауына бір кездегі қуатты Тараз қаласының күйреуі, шет жерліктердің жиі шабуылы мен өзара соғыстың әсеретті деген болжам бар.

Ғимаратты XIX ғасырдың аяғында қазіргі Тараз қаласының аумағында Әулие Ата қаласының тұрғындары салған. Құрылыс кезінде ортағасыплық шығыс моншаларының архитектуралық жиынтығы мен жылу жүйесі негіздері пайдаланылған XX ғасырдың елуінші жылдарына дейін монша жұмыс істеп келді.



Әбдіқадір мешіті.

Тараз қаласы Абай көшесінде, 5 құрылысы бар. Шығармашылық құндылығы кешеннің кіру бөлігі, ол бастапқы жобасы сақталған, «дарбаза» үлгісіндегі монументалды құрылыстың біздің облыс аумағында сақталған бірден-бір үлгісі.



«Қарақоңыз шатқалы» мемлекеттік ботаникалық табиғат заказнигі Іле Алатауының батыс жағын және Қарақоңыз өзенінің таулы бөліктерін қамтиды, Қордай ауданының орталығынан 65 шақырым жерде орналасқан. Ботаникалық заказниктің құрылуының мақсаты түрлі бағалы сирек кездесетін ағашты, бұталы, шөптік өсімдікті қорғауды күшейту.



Қырғыз Алатау бөктерінде орналасқан Меркі қыстағы алғаш рет IX-X ғасырларда араб географтарының шығармаларында айтылған. Ол кездері бекеніс пен қамалы бар орташа көлемді қала «Мирки» аталған екен. Қазіргі заман ғылымдарының айтуынша VII ғасырда пайда болған қала парсы тілінен аударғанда «орталық» ұғымын береді. Оба – жерлеуі, салттық ғибадатханасы және ата-бабалар мүсіндері меркі ландшафтарының көрікті таулы жерлерінде орналасқан.

Ежелгі ескерткішті Әулие жер мәдени өзгешілігі бар көптеген обалар, тас дуалы мен тас мүсіндері 250 шаршы километр алқабын алып жатыр.



Жайсан әулиелігі – түркілер діни мемориалдар кешені Жер-Су тәңірі символы - Су ұғымынан шыққан Шу өзенінің аңғарында орналасқан. Табыну мен салт жоралар жерлерінде салттық қоршаудағы пір тұтынған адамдар тас мүсіндері орналасқан. Аңға шығу көріністері мен төлдерімен бірге салынған жануарлар бейнеленген көптеген жартасқа салынған суреттер, ондағы тайпалары өкілдерінің рулық белгілері бірыңғай түркілер кешендерінің табынушылық ескеркіштерін құрайды.

Жайсан кешені – аруақтарды еске алу орны, соның ішінде обалар мен мінажаттық-ғибадатханасы, бас киімді тас мүсіндері, бас киімінде мүйізге ұқсас үш шошақ бейнеленген. Жайсан әулиелігіндегі қоршаулардан ұшы темірден жасалған садақ оқтары табылған. Әйел

